

## Тікұшақ қызметтерін ұсыну жөніндегі бірыңғай операторды белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 ақпандағы № 72 қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 14 шілдедегі  
№ 580 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 14.07.2023 № 580 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 60-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазавиқұтқару" акционерлік қоғамы бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік органдар мен ұйымдарға тікұшақ қызметтерін ұсыну жөніндегі бірыңғай оператор болып белгіленсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов